Ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүргізудің тағы бір басты шарты практикада ескерілмей келеді. Ол – ғылыми лингвистикалық сараптама мен ғылыми құқықтық сараптаманың өзара қатынасы. Қазіргі тәжірибе бойынша Жобалар сараптамаға бір мезгілде жіберілуде. Логика бойынша ғылыми құқықтық сараптама ғылыми лингвистикалық сараптамадан бұрын жүргізілуі тиіс, өйткені бұл сараптамада Жобаның Қазақстан Республикасының Конституциясына, жоғары деңгейде тұрған нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкестігі; оның нормаларының ғылыми жағынан пысықталуы, заңнамалық базаны жетілдірудің ғылыми негізделуі және т.с.с. мәселелер тұрғысынан талданады. Сондықтан Жобаның заңдылығы, орындылығы, құқық теориясы мен заң техникасы тұрғысындағы сапасы бойынша ғылыми құқықтық сараптама барысында ұсынымдар берілуі әбден мүмкін. Осындай жағдайда Жоба мәтіні міндетті түрде өзгерістерге ұшырайды. Ал ғылыми лингвистикалық сараптама барысында Жобаның қазақ тілі тұрғысынан, яғни аудармалық сапасы тексеріледі. Мәтін өзгергенде, қорытынды да өзгертілуі тиіс. Заңдық және технологиялық тұрғыдан келгенде, Жобаның өзгертілген мәтіні бойынша жаңа ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу қажет. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Жоба бойынша 2 рет бірдей сараптама жүргізілмейді.

Ғылыми лингвистикалық сараптамаға қатысты мәселелердің бірі оны құжаттамалық қамтамасыз етуге де байланысты. Қолданыстағы заңнамадағы «сараптама қорытындысы ғылыми сараптама жүргізген ұйымның

фирмалық бланкісінде дайындалады» деген норма практикалық сұрақ туғызады. Құжаттама жүргізуді реттеуші негізгі нормативтік құқықтық акт – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларында «фирмалық бланк» деген ұғым мүлдем жоқ. Ғылыми сараптаманы түрлі меншік нысанындағы ұйымдар мен мекемелердің жүргізуі мүмкіндігін ескере отырғанның өзінде де, аталған қаулының мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға міндеттілігінің басым екендігі белгілі.

Сонымен қатар қолданыстағы заңнамада ғылыми сараптама қорытындысын оны ұйымдастырушыға жеткізу нысаны көрсетілмеген. Яғни, ілеспе хат туралы норма жоқ. Ал мемлекеттік органдар мен сараптама жүргізушілер арасында құжат айналымы тек ілеспе хат арқылы жүргізілетін белгілі (бүкіл құжат айналымы да!). Сондықтан реті келгенде бұл мәселені де шешкен орынды, сондықтан жоғарыда көрсетілген 2010 және 2016 жылдары қабылданған екі қаулыны 2018 жылы қабылданған қаулыға сәйкестендіру керек.

Қорытынды: Жобалар бойынша жүргізіліп отырған ғылыми сараптамалар институтын міндетті түрде одан әрі жетілдіру қажет. Олардың ішінде, заң жобалары және Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптаманы жетілдіруді кешенді әрі жүйелі түрде жүргізу қажет. Басым бағытта бұл сараптаманың қолданбалы сипатына қарамастан, оның ғылыми-теориялық аспектілеріне көңіл бөлу қажет. Өйткені заңнаманың кейбір құқықтық тұрақты сөз тіркестері мен кейбір тілдік конструкцияларының мәнмәтіндік мағынасы тілдік нормаларға бағынбайтын тұстары болады. Осындай ерекшеліктер арнайы лингвистикалық зерттеулерді, яғни тілдік негіздеуді қажет етеді. Сонымен қатар, ғылыми лингвистикалық сараптаманы реттейтін нормативтік құқықтық актілерге нақты өзгерістер мен түзетулер енгізуді ұсынамын.

ЗАҢ ТЕХНИКАСЫ – ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН САПАЛЫ ДАЙЫНДАУ ҚҰРАЛЫ

Нұрғыз Арысбекқызы Нұрбаева

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат
институты Лингвистика орталығының аға ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: nurbaeva.n@zqai.kz

Түйін сөздер: заң техникасы; заң шығармашылығы; заңнамалық актілердің сапасы.

Аннотация. Мақала заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығына жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында кездесетін заң техникасы тәсілдерін зерделеуге, сондай-ақ сол тәсілдерді қолдану арқылы заң жобаларының сапасын жақсартуға арналған.

Заң жобалары мәтіндерін дайындау кезінде заң құжаттарының функционалдық-стилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып, заң техникасы тәсілдері мен қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын бірізді қолдануды қамтамасыз ету мақаланың мақсаты болып табылады.

Автор мақалада заң шығару қызметі тиімділігінің негізгі алғышарты болып табылатын заң техникасының тарихына қысқаша шолу жасайды. Заң техникасы ұғымына нормативтік құқықтық актілердің мәтінін сапалы жазу шеберлігі, заң шығару процесін жүзеге асыру құралдарының жиынтығы деген анықтама береді. Сапалы нормативтік құқықтық актілерді жасау шеңберінде қазақ тіліндегі мәтінде толықтырулар мен өзгерістер енгізу кезінде заң техникасының қолданылу ерекшеліктерін лингвистикалық сараптамаға келіп түсетін заң жобаларынан мысалдар келтіру арқылы тоқталып өтеді. Заңнамалық актілерді әзірлеуде кезінде заң техникасының рөлі ерекше екенін атап өтеді.

Сондай-ақ автор мақалада заң жобаларымен жұмыс істеу барысында қазақ тіліндегі мәтіндерде жол берілген, норма мағынасының бұрмалануына алып келетін негізгі заңдық-техникалық қателерге талдау жасайды. Тиісінше заң жобасының қазақ тіліндегі мәтінін қалыптастыру кезінде қолданылатын тәсілдерді практикада кездескен мысалдар арқылы ашып көрсетеді. Автор заң жобаларын қазақ тіліне аудару процесінде заң жобасын сапалы дайындау құралы ретінде заң техникасы тәсілдерін пайдалану қажеттілігін анықтап, заң техникасын жетілдіру мәселесін алға тартады. Заң жобаларында жол берілген қателерді жою және келешекте болғызбау бойынша ұсынымдар келтіреді.

ЮРИДИЧЕСКАЯ ТЕХНИКА - ИНСТРУМЕНТ КАЧЕСТВЕННОЙ ПОДГОТОВКИ ПРОЕКТОВ ЗАКОНОВ

Нурбаева Нуркиз Арысбековна

Старший научный сотрудник Центра лингвистики Института
законодательства и правовой информации Республики Казахстан,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: nurbaeva.n@zqai.kz

Ключевые слова: юридическая техника; законотворчество; качество законодательных актов.

Аннотация. Статья посвящена изучению приемов юридической техники, встречающихся при проведении научной лингвистической экспертизы на аутентичность текстов на казахском и русском языках проектов закона, а также повышению качества проектов законов с использованием этих приемов.

Целью статьи является обеспечение единообразия применения приемов юридической техники и норм современного казахского литературного языка с учетом функционально-стилистических особенностей юридических документов при подготовке текстов проектов законов.

В статье дается краткий обзор истории юридической техники, что является ключевой предпосылкой эффективности законотворческой деятельности. Понятие юридической техники определяется как умение качественно писать текст нормативных правовых актов, представляет собой набор инструментов реализации законодательного процесса. Автор путем приведения примеров из проектов законов, поступивших на лингвистическую экспертизу, останавливается на особенностях применения юридической техники при внесении дополнений и изменений в текст на казахском языке в рамках составления качественных нормативных

правовых актов. Отмечает особую роль юридической техники в разработке законодательных актов.

Автор также анализирует основные юридические и технические ошибки, которые были допущены в текстах на казахском языке при работе над законопроектами и которые приводят к искажению смысла нормы. Соответственно, подходы, использованные при формировании проекта текста на казахском языке, раскрываются на примерах практики. Автор указывает на необходимость использования приемов юридической техники как средства качественной подготовки проекта закона при переводе проектов закона на казахский язык и поднимает вопрос совершенствования юридической техники. Приведены рекомендации по устранению ошибок, допущенных в проектах законов и предотвращению их в будущем.

LEGAL TECHNIQUE – A TOOL FOR HIGH-QUALITY PREPARATION OF DRAFT LAWS

Nurkiz Arysbekovna Nurbayeva

Senior researcher at the Linguistics center of the Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan city, Kazakhstan; e-mail: nurbaeva.n@zqai.kz

Keywords: legal technique; lawmaking; the quality of legislative acts.

Abstract. The article devotes to the study of legal techniques used in conducting scientific linguistic examination on the authenticity of texts in the Kazakh and Russian languages of draft laws, as well as improving the quality of draft laws using these techniques.

The purpose of the article is to ensure uniformity in the application of legal techniques and norms of the modern Kazakh literary language, taking into account the functional and stylistic features of legal documents in the preparation of texts of draft laws.

The article provides a brief overview of the history of legal technique, which is a key prerequisite for the effectiveness of legislative activity.

The concept of legal technique defines as the ability to write the text of normative legal acts in a high-quality manner; and is a set of tools for implementing the legislative process.

The author gives examples from the draft laws that submitted for linguistic examination, focuses on the peculiarities of using legal technique when making additions and changes to the text in the Kazakh language in the framework of drafting high-quality normative legal acts. He notes the special role of legal technique in the development of legislative acts.

The author also analyzes the main legal and technical mistakes that made in the texts in the Kazakh language when working on draft laws and that lead to distortion of the meaning of the norm.

Accordingly, the approaches used in the formation of the draft text in the Kazakh language reveal on the examples of practice.

The author points to the need to use legal techniques as a means of quality preparation of the draft law when translating the draft law into the Kazakh language and raises the issue of improving legal technique.

Recommendations for eliminating mistakes made in draft laws and preventing them in the future are given.

Заң техникасын ғылыми зерттеудің нағыз тарихы адвокаттар отбасында дүниеге келген, 1760 - 1763 жылдары Оксфордта заңтану мамандығы бойынша білім алған Иеремия Бентам сонау 1791 жылы жазған «Саяси тактика тәжірибесінен» басталады екен. Автор қайтыс болғаннан кейін шәкірті еңбекті өңдеп, «Заңнамалық жинақтар тактикасы» деп басып шығарады. Осы кітаптың бір тарауы заң техникасына арналып, онда Иеремия Бентам заң техникасы қағидаларын әзірлеу рәсімінің (регламентінің) маңызын атап өте келе, оның мазмұнын: «Біз сөйлемдерді жиналысқа талқылауға берілген және заң болуға арналған актілер ретінде қарастыратын боламыз. Демек, сөйлем тиісті нысанда баяндалуы, бар-

лық жағынан сынды көтере білуі және өзінің нысаны бойынша түзетулерге жол бере білуі керек» деп көрсетеді [1].

Енді бір деректерде «заң техникасы» термині құқықтанушы Рудольф фон Иерингке (1818 - 1892) тиесілі. Заң техникасы оның «Рим құқығының рухы оның дамуының әркілы сатыларында» деген негізгі еңбегінің бір бөлігі болып табылады.

Жалпы, заң техникасы дегеніміз не? Заң техникасының заң шығару жұмысындағы маңызы қандай?

Заң техникасы — құқықтық актілердің мазмұны мен құрылымын әзірлеу кезінде де, оларды іске асыру кезінде де қолданылатын белгілі бір тәсілдер, қағидалар, әдістер жиын-

тығы. Заң терминологиясы, заң конструкциясы, нормативтік-құқықтық актілерді құрастыру тәсілдері заң техникасының элементтері болып табылады¹. Мұндағы «техника» сөзі гректің «*technē*» сөзінен шыққан, «өнер, шеберлік» дегенді білдіреді. Демек, заң техникасы – нормативтік құқықтық актілердің мәтінін сапалы жазу шеберлігі, заң шығару процесін жүзеге асыру құралдарының жиынтығы.

Ал «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуіріндегі Қазақстан Республикасының Заңында заң техникасы ұғымына «заң техникасы – құқықтық актілерді ресімдеу тәсілдерінің талаптары мен қағидаларының жиынтығы»² деп анықтама берілген.

«Норма шығармашылық процесте заң техникасының маңызы зор. «Нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу кезінде заң техникасының қағидалары мен амалдарын пайдалану қажет. Заң техникасының максаты құқықтық материалды құрылымдау, құқықтық актінің тілін жетілдіру, сондай-ақ баяндаудың түсініктілігі, дәлдігі және сауаттылығы болып табылады. Заң техникасын дұрыс пайдалану нақты қоғамның құқықтық мәдениетінің белгілі бір деңгейінің нышанын көрсетеді» [2, 10-б.].

Заңи, тілдік және логикалық жағынан жетілдірудің жоғарғы деңгейіне жету арқылы нормалардың сапасын тиісінше қамтамасыз ету құқықтық актілерді сапалы дайындау алғышарты болып табылады. Заң шығару кезіндегі заң жобаларын әзірлеу, жазу және ресімдеу бойынша барлық іс-қимылдарға, сондай-ақ заңнамалық процестің түрлі сатысында олармен кейіннен жұмыс жасауға заң техникасының ережелері негіз болуы керек. Заң жобаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезінде заң техникасы ережелерін сақтау олардың сапасына кепіл бола алады.

Солай дей тұрғанмен, заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тентүпнұсқалығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Заңнама жәнен құқықтық ақпарат институтының лингвистика орталығы жүргізетін ғылыми лингвистикалық сараптамаға тілдік кемшіліктер мен олқылықтармен қатар орыс тілінен қазақ тіліне заң техникасының талаптары сақталмай аударылған заң жобалары келіп түседі. Солардың бірқатарына мысал келтіре кетсек. Мәселен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет мәселе-

лері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының 1-бабының 2-тармағында «Ведомости Парламента Республики Казахстан» деген тіркес «Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомостары» деп, ал «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында аталған бөлікте «статья» деген сөз «бап» деп алынған. Осылайша «Құқықтық актілер туралы» Заңның 26-бабының 2-тармағындағы «заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық акті жобасының мәтінінде аталған заңнамалық актілердің тақырыбы, қабылданған күні, сондай-ақ жақша ішінде – олардың бастапқы жарияланған жылы, нөмірі және құжаты, ал оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда – тиісті заңнамалық актілердің «Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы» жинағында не егер заңнамалық акт аталған жинақта жарияланбаса, осы Заңға сәйкес ресми жарияланымның өзге де дереккөзінде жарияланған жылы, нөмірі және құжаты көрсетіледі»³ деген ереже сақталмаған.

Заңнамалық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде орыс тіліндегі мәтінді қазақ тіліне аударатын адам елеусіз қалдыратын тағы бір жайт бар. Оған мысал ретінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын алайық. Бұл Заң жобасы арқылы «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» 1999 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 1-тармағына толықтыру енгізу кезінде «часть вторую пункта 1 статьи 51 дополнить подпунктом 8) следующего содержания:

«8) на деньги, находящиеся на банковских счетах единого оператора в сфере государственных закупок и оператора информационной системы электронных закупок, предназначенных для осуществления расчетных операций в соответствии с законодательством Республики Казахстан в области государственных закупок и закупок субъектов квазигосударственного сектора.» деген норманы

¹ Национальная юридическая энциклопедия // <https://determiner.ru/termin/yuridicheskaja-tehnika.html> // 16.01.2020 жылғы жағдай бойынша.

² «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (15.01.2020 жылғы жағдай бойынша).

³ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> // 15.01.2020 жылғы жағдай бойынша.

аудару кезінде қолданыстағы заңның алдыңғы 7) тармақшасындағы ойды аяқтайтын етістік сөз ескерілмей, орыс тіліндегі мәтін бойынша былайша аударылған:

«51-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуы саласындағы заңнамасына сәйкес есеп айырысу операцияларын жүзеге асыруға арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың және электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі операторының банктік шоттарындағы ақшаға тыйым салуға жол берілмейді.».

Мәтіннің аудармасында кінәрат болмағанмен, бұл тұста заң техникасы ережесі сақталмаған. Орыс тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі еркін, ал қазақ тілінде қалыптасқан, тұрақты болады. Орыс тіліндегі мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің орын тәртібі қазақ тіліндегі мәтінде өзгеріске ұшырайды. Сондықтан санамаланған тармақшаларға толықтыру енгізу кезінде қолданыстағы заңның соңғы тармақшасындағы етістікті баяндауышты жаңа толықтырылатын, яғни соңғы тармақшаға көшіру үшін:

«51-баптың 1-тармағының екінші бөлігінің 7) тармақшасындағы «ақшаға тыйым салуға жол берілмейді» деген сөздер «ақшаға» деген сөзбен ауыстырылып», мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын» деген оралым қолданылуы, содан кейін толықтырылатын тармақша жазылуы қажет.

Бұдан басқа заң техникасы бойынша қазақ тіліндегі заң жобасымен жұмыс кезінде Заң мен Кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында (Мысалы: «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 23, 87-құжат, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 2019 жылғы 4 қаңтарда жарияланған «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы) «Қазақстан Республикасының» деген сөздердің орналасу тәртібі бойынша да сұрақтар туындайды. Кестеге қараңыз.

Рет саны Практикада кездескен нұсқа
Қолданыстағы заңдағы нұсқа

1. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңына «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Автомобиль жолдары туралы» Заңына «Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына

3. 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» Заңына «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына

4. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне 2015 жылғы 29 қазандағы 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне

5. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңына «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына

6. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне

Қазақ тіліндегі құқықтық актілерді әзірлеу туралы әдістемелік құралдардың жоқтығынан, кестеде көрсетілген мысалдарды стильдік қатеге жатқызамыз ба, әлде заң техникасы жатқызамыз ба, ол жағын шегелеп айту қиын. Осы орайда, «Қазақстан Республикасының» деген сөздер кодекс атауына кіретіндіктен, кодекстің қабылданған күні атауынан бұрын, ал заңнамалық актілерге сілтеме жасау кезінде «Қазақстан Республикасының Заңы» деген сөздер тіркесті сөз болып табылатындықтан қабылданған күн осы аталған тіркестен бұрын жазылады, - деп топшылай отырып, тіл маманы ретінде сөздердің орналасу тәртібінен жіберілген кате деп пайымдауға болады.

Сонымен қатар қалыптасқан оралымдарды қолданбай, «в следующей редакции» деген сөз тіркесін «келесі редакцияда», «следую-

Рет саны	Практикада кездескен нұсқа	Қолданыстағы заңдағы нұсқа
1	«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңына	«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына

2	Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Автомобиль жолдары туралы» Заңына	«Автомобиль жолдары туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына
3	2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының «Күзет қызметі туралы» Заңына	«Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына
4	Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне 2015 жылғы 29 қазандағы	2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне
5	Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңына	«Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына
6	Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне	2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне

щего содержания» деген сөз тіркесін «келесі мазмұндағы» деп аудару заң жобасын қазақ тілінде дайындау барысында жіберілетін қателердің бірі болып табылады. Мәселен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне теміржол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында бүкіл мәтін бойынша «келесі» деген сөз қолданылған. Жалпы, заңнамалық актілерде баптың немесе оның кез келген құрылымдық элементін өзгерту кезінде «__бап (тармақ) мынадай редакцияда жазылсын:», толықтыру енгізу кезінде – «__-бап мынадай мазмұндағы __) тармақшамен толықтырылсын:» деген оралым қолданылады.

Ал бапқа, баптың бөлігіне, тармаққа, тармақшаға, абзацқа өзгеріс енгізу кезінде толықтыру қай сөзден кейін тұруы қажеттігі былайша көрсетіледі: «__-бап «_____» сөздерден кейін «_____» сөздермен толықтырылсын.». Бұл ретте аудармашы не әзірлеуші норма мағынасының бұрмалауына алып келетін сөзбе-сөз аудармаға жол бермей, қазақ және орыс тілдеріндегі сөздердің орын тәртібін ескере, «Әділет» нормативтік-құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесін пайдалана отырып, толықтырылатын сөздерді қазақ тіліндегі қолданыстағы заңда қай сөздерден кейін қою қажеттігін мұқият анықтауы қажет.

Өйтпесе, бұл заң жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығының сақталмауына, норманың мағынасының бұзылуына алып келеді.

Бұған қоса заңнамалық акті түрі мен заңнамалық актінің атауын жазу барысында жалпыға бірдей қабылданған мына бір ереже сақталуы керек: Заңнамалық бастама құқығының субъектісі көрсетілген заңнамалық акті түрінің атауы – Қазақстан Республикасының Заңы – тақырыптан бұрын бас әріптермен жазылады және заңнамалық акті түрінің атауы Заң тақырыбынан бір жоларалық интервалмен бөлініп, қою қаріппен көрсетіледі. Заңнамалық актінің тақырыбы тырнақшаға алынбайды.

Егер заңнамалық акті бабы үштен аспайтын бөліктермен толықтырылатын болса немесе заңнамалық акті бабының бөлігі (тармағы) үштен аспайтын абзацтармен толықтырылатын болса, онда толықтырылатын бөліктердің немесе абзацтардың реттік нөмірлері үтір арқылы жазылады⁴.

Мысалы:

7-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші тармақтармен толықтырылсын:

«_____».

Алайда ағымдағы жылы лингвистикалық

⁴ Совместное Постановление Кенгаши Законодательной палаты Олий Мажлиса Республики Узбекистан и Кенгаши Сената Олий Мажлиса Республики Узбекистан «Об утверждении правил юридико-технического оформления законопроектов, вносимых в законодательную палату Олий Мажлиса Республики Узбекистан, и законов, представленных в Сенат Олий Мажлиса Республики Узбекистан // [https://www.minjust.uz/ru/activity/praprojects/87938/24.01.2020 жылғы жағдай бойынша](https://www.minjust.uz/ru/activity/praprojects/87938/24.01.2020%20жылғы%20жағдай%20бойынша).

сараптамаға келіп түскен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында толықтырылатын бөліктер «14-бап мынадай мазмұндағы үшінші – бесінші бөліктермен толықтырылсын» деп сызықша арқылы жазылып, заң техникасының бұзылуына жол берілген.

Сондай-ақ заң жобаларындағы тармақ пен тармақшаларды ресімдеу барысында қателерге жол беріліп жатады. Мысалы, 2019 жылғы шілдеде лингвистикалық сараптамаға келіп түскен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының қазақ тіліндегі нұсқасында «Құқықтық актілер туралы» Заңның «Нормативтік құқықтық актілердің тармақтарындағы (баптарындағы) тармақшаларының, баптарындағы тармақтардың, сондай-ақ жекелеген кодекстер баптарындағы бөліктердің нөмірленуі әрбір бап үшін дербес болады. Тармақтардағы тармақшалардың нөмірленуі араб цифрларымен жақша арқылы мынадай түрде белгіленеді: 1), 2), 3) және одан әрі қарай.»⁵ деген 23-бабының 5-тармағы негізге алынбай, тармақ араб цифрларымен жақша арқылы жазылған.

Сонымен бірге заңнамалық актілерде қысқартылған сөздерге жол берілмейтіні

және заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидалары бойынша 1-баптың тармақтарының тармақшалары тырнақшадан кейін нүктелі үтірмен аяқталатыны ескерусіз қалатын Заң жобалары да практикада кездеседі.

Қазақ тілінде заң жазу мәселесі бүгінгі күні аударма арқылы жүзеге асырылып жатқандықтан, жоғарыда келтірілген мысалдар заң жобасын орыс тілінен қазақ тіліне сөзбе-сөз аударудың салдары болып табылады. Заңнамалық актіні дайындауда заң техникасы ережелері маңызды рөл атқаратындықтан, аудармашы заң жобасымен жұмыс істеу барысында жоғарыда айтылған ұсынымдарды ұстанғаны жөн.

Қорыта келгенде, заң терминологиясы, заң құрылымы, нормативтік құқықтық актілердің мәтінін құрастыру тәсілі заң техникасының негізгі элементтері болып табылады. Сол элементтер болған жағдайда ғана, заң техникасының талаптары сақталады. Ал заң техникасын сақтау қазақ тілінде заңды сапалы дайындау кепілі болады.

Нормативтік-құқықтық актілерге сараптама жүргізу саласындағы проблемаларды шешудің ұсынылып отырылған жолдары лингвистикалық сараптама қызметінің тиімділігін арттыруға себепші болады, өз кезегінде сапалы нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға және заң техникасын жетілдіруге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болдырев С.Н. Юридическая техника: история и современность. <https://cyberleninka.ru/article/n/yuridicheskaya-tehnika-istoriya-i-sovremennost/viewer> // 15.01.2020 жылғы жағдай бойынша.

2. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (заң техникасы): Әдістемелік құрал / Авт. ұжым басш. мен ред. Р.Қ. Сәрпеков - Астана: «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ, 2019. – 160 б.

REFERENCES

1. Boldyrev S.N. *Yuridicheskaya tehnika: istoriya i sovremennost*. <https://cyberleninka.ru/article/n/yuridicheskaya-tehnika-istoriya-i-sovremennost/viewer> // 15.01.2020 жылғы жағдай бойынша.

2. *Normativtik quqyqtyq aktilderdi resimdey jónindegi ádistemelik usynymdar (zań tehnıkasy): Ádistemelik qural* / Avt. ujym bassh. men red. R.Q. Sárpekov - Astana: «Qazaqstan Respýblıkasynyń Zańnama institúty» MM, 2019. – 160 b.

⁵ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480/25.01.2020> жылғы жағдай бойынша.

ПРИНЦИПЫ ОТКРЫТОСТИ И ПРОЗРАЧНОСТИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНИЗАЦИЙ ПУБЛИЧНОГО ИНТЕРЕСА В КАЗАХСТАНЕ

Климова Татьяна Владимировна

Докторант Казахстанско-Американского свободного университета,
главный юрисконсульт Управления корпоративного юриста ТОО «Казцинк»,
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан; e-mail: tklimova@kazzinc.com

Ключевые слова: организация публичного интереса; раскрытие информации; принципы открытости и прозрачности; депозитарий финансовой отчетности; акционерное общество; хозяйственные товарищества; недропользователи; финансовая отчетность; корпоративные события.

Аннотация. Статья посвящена актуальным вопросам обеспечения открытости и прозрачности ведения бизнеса в Казахстане. В связи с упразднением института публичной компании в Казахстане автором в рамках выполнения научного исследования по теме диссертации обращено внимание на обширную группу юридических лиц, деятельность которых носит публичный характер и к ним предъявляются требования, практически аналогичные требованиям к бывшим публичным компаниям. Целью исследования является выявление степени правового регулирования общественных отношений в сфере нормативного закрепления обязанности организаций публичного интереса по раскрытию установленной законом информации, выявление недостатков в этом вопросе и выработка рекомендаций для совершенствования законодательства. Для достижения поставленной цели проведено толкование термина «публичный интерес»; впервые системно рассмотрены нормативные положения множества законодательных актов практически обо всех юридических лицах, признанных законодательством Республики Казахстан в качестве организаций, деятельность которых имеет публичный интерес; приведены обоснования признания их таковыми. Проанализированы виды информации, подлежащей раскрытию на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности и фондовой бирже. При этом автором выявлено наличие, по его мнению, пробелов в правовом регулировании деятельности организаций публичного интереса, так как в законодательных актах о данных видах юридических лиц отсутствуют правовые нормы, закрепляющие их обязанность публиковать в открытом доступе на интернет-ресурсе Депозитария финансовые отчеты и информацию о корпоративных событиях. Для подтверждения своей позиции по проанализированным вопросам автором рассмотрено содержание веб-сайтов множества государственных органов и специальных организаций, занимающихся официальным размещением информации в сфере корпоративной информации и рынка ценных бумаг, финансовой отчетности. В заключение сформулированы авторские предложения о совершенствовании действующего законодательства Республики Казахстан по рассмотренным вопросам.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ БАР ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ АЙҚЫНДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Татьяна Владимировна Климова

Қазақстан-Американдық Еркін Университетінің докторанты,
«Казцинк» ЖШС корпоративті құқықтық Басқармасының бас заңгері,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы; e-mail: tklimova@kazzinc.com

Түйін сөздер: жария мүдделі ұйымдар; ақпаратты ашу; ашықтық және айқындық принциптері; қаржылық есептердің депозитарийі; акционерлік қоғам; шаруашылық серіктестіктер; жер қойнауын пайдаланушылар; қаржылық есеп; корпоративтік іс-шаралар.

Аннотация. Мақала Қазақстанда бизнес жүргізудің ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету сұрақтарына негізделген. Диссертация тақырыбындағы ғылыми зерттеу аясында автордың Қазақстандағы жария компания институтының жойылуына байланысты, қызметі жариялық сипатта болатын және бұрынғы жария компанияларға қойылатын талаптармен бірдей талаптарға бағынатын заңды тұлғалардың кең тобына назар аударылады.

Зерттеу мақсаты - жария мүдделі ұйымдардың заңнамада белгіленген ақпаратты ашу бойынша міндеттемесін нормативтік шоғырландыру саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу деңгейін анықтау, осы мәселедегі кемшіліктерді айқындау және заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау. Осы мақсатқа жету үшін «жариялық мүдде» термині түсіндірілді. Қазақстан Республикасының заң шығарушысымен, қызметі қоғамның мүддесіне зор әсер ететін жария мүдделі ұйымдар ретінде танылған, заңды тұлғаларға қатысты көптеген заңнамалық актілердің нормативтік ережелері жүйелі түрде алғаш рет қаралды; оларды осы ретте тану үшін негіздемелер келтірілген. Қаржылық есептілік депозитарийі мен қор биржасының Интернет-ресурсында ашылатын ақпараттың түрлері талданды.

Сонымен бірге, автордың пікірінше, жария мүдделі ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудегі олқылықтар бар екен, себебі заңды тұлғалардың осы түрлері туралы заңнамалық актілерде қаржылық есептілікті және корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты Депозитарийдің Интернет-сайтында жариялау міндеттемесін бекітетін құқықтық нормалар жоқ.

Талданған мәселелер бойынша өзінің ұстанымын растау үшін автор корпоративтік ақпарат және бағалы қағаздар нарығы, қаржылық есептілік саласында ақпаратты ресми орналастырумен айналысатын көптеген мемлекеттік органдар мен арнайы ұйымдардың веб-сайттарының мазмұнын қарастырған. Қорытындылай келе, қарастырылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру мақсатында авторлық ұсыныстар жасалды.

PRINCIPLES OF OPENNESS AND TRANSPARENCY IN THE ACTIVITIES OF PUBLIC INTEREST ORGANIZATIONS IN KAZAKHSTAN

Klimova Tatyana Vladimirovna

Doctoral student of the Kazakhstan-American Free University,
chief legal adviser of the Office of Corporate Lawyer Kazzinc LLP,
Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan; e-mail: tklimova@kazzinc.com

Keywords: organization of public interest; information disclosure; principles of openness and transparency; depository of financial statements; joint-stock company; business partnerships; subsoil users; financial statements; corporate events

Abstract. This article was written to address nowadays issues of openness and transparency of business in Kazakhstan. Since the public company institution has been discontinued in Kazakhstan, the author of this research draws attention to a large group of businesses associated with the activities being public in nature and thus subject to the requirements like those applied to former public companies. The purpose of this research is to identify the extent of legal control of social relationships in regards to the regulatory stipulation of public interest companies' obligation to disclose legally required information, identify gaps in regards to this matter and develop recommendations on improvements in legislation. Definition of public interest was given for the purpose of this research; this is the first time when a systematic approach was taken towards the statutory framework of multiple laws on each type of legal entities accepted in the Republic of Kazakhstan as organizations with the business activity pertaining to public interest; the grounds were given for classifying those as such. The author analyzed the types of information subject to disclosure on the website of Finance Reporting Depository and Stock Exchange. Herewith the Author has identified some gaps (according to him) in the regulatory framework of the activities run by the organizations having public interest, because the legislation does not provide legal norms identifying their obligation to disclose in a public domain of the Reporting Depository their finance reports and details on their corporate events. In support of his own concept the author has analyzed the content of multiple websites of the governmental agencies and special organization publishing such corporate information, and securities market updates, and finance reporting. In his closing summary the author is sharing his recommendations on the improvements to be made in the applicable legislation of the Republic of Kazakhstan in regards to the above issues.

Виды организаций публичного интереса

Как известно, общепризнанными на международном уровне требованиями к организациям, деятельность которых касается интересов значительного числа субъектов, имеет общественное, общегосударственное значение, т.е. имеет публичный интерес, является необходимость соблюдения ими принципов открытости и прозрачности своей деятельности. Следует отметить, что легальное определение термина «публичный интерес» в законодательстве Казахстана отсутствует, несмотря на введение самого института «организации публичного интереса». В толковых словарях, на наш взгляд, дается слишком узконаправленное понятие публичного интереса, как института только публичного права. Тогда как деятельность органов и организаций, направленная на удовлетворение частных интересов каждого индивида, а через них - и всего общества в целом, представляет именно публичный интерес. В доктрине отечественного гражданского права довольно подробное исследование об этом было выполнено в диссертационной работе С.К. Идрышевой при анализе публичного договора. По ее мнению, публичный интерес имеет важное социальное значение, возникает в сферах общественных отношений, касающихся «интересов больших социальных групп, практически всего населения и хозяйствующих субъектов современного государства». Отнесение определенного вида деятельности к сфере публичного интереса производится «в целях установления социальной справедливости, обеспечения конституционных прав наименее защищенных субъектов гражданских правоотношений ... посредством применения дозволений, обязанностей, предписаний и запретов». [1, с. 84]

Украинский автор А. Кубко также отмечал, что публичные интересы являются «общими для государства, общества и, вместе с тем, каждой отдельной личности» [2].

Известный российский ученый В.Ф. Яковлев писал, что «публичные интересы – это не столько интересы государства, сколько совокупные интересы граждан этого государства» [3, с.167].

В Казахстане по состоянию на 2019 г. субъектами, деятельность которых, по мнению законодателя, носит публичный характер, являются так называемые «организации публичного интереса». Надо сказать, что перечень таких организаций является довольно широким и для выявления хотя бы примерно круга организаций, деятельность которых

имеет публичный интерес, нам придется обратиться, помимо названного закона, также и к другим законодательным актам.

Так, Законом «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» (п/п 7) статьи 1) к организациям публичного интереса отнесены:

1) финансовые организации (за исключением юридических лиц, занимающихся только обменом иностранной валюты);

2) акционерные общества (за исключением некоммерческих) – далее - АО;

3) организации-недропользователи (кроме организаций, занимающихся добычей общераспространенных полезных ископаемых); круг таких организаций довольно широкий и подавляющее большинство из них созданы в организационно-правовой форме АО и товариществ с ограниченной ответственностью (далее – ТОО);

4) хлебоприемные предприятия (также в форме АО и ТОО);

5) организации, в уставных капиталах которых имеется доля участия государства (это в основном АО и ТОО);

6) государственные предприятия на праве хозяйственного ведения (далее – ГП на ПХВ)¹.

Тем самым, в основном к субъектам публичного интереса отнесены коммерческие юридические лица в организационно-правовой форме акционерных обществ и хозяйственных товариществ, поэтому не совсем понятно, почему коммерческие акционерные общества выделены отдельной группой в подпункте 2.

Исключением из этого ряда являются государственные предприятия на праве хозяйственного ведения, которые подразделяются на республиканские и коммунальные, при этом за последние годы многие бывшие государственные казенные предприятия на праве оперативного управления преобразованы по инициативе самого государства в предприятия на праве хозяйственного ведения. Внесение их в число организаций публичного интереса логически объясняется тем, что, во-первых, они являются коммерческими организациями; а во-вторых, деятельность таких предприятий имеет важное экономическое, социальное, а, следовательно, общественное, общегосударственное значение, имеет публичный характер.

Финансовая организация определена как юридическое лицо, осуществляющее предпринимательскую деятельность по предоставлению финансовых услуг². К ним отнесены действующие на основании лицензий участники страхового рынка и рынка ценных

¹ «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности». Закон Республики Казахстан от 28.02.2007 г. № 234. http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000234_

² «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций». Закон Республики Казахстан от 4 июля 2003 года № 474-III

бумаг, добровольные накопительные пенсионные фонды, банки и организации по предоставлению отдельных видов банковских услуг.

Кроме того, к финансовым организациям отнесены также Единый накопительный пенсионный фонд (ЕНПФ), Центральный депозитарий ценных бумаг (оба являются некоммерческими АО); Единый оператор по учету государственного имущества (АО «Информационно-учетный центр», со 100%-ым участием государства в уставном капитале), а также общества взаимного страхования. Все субъекты данной группы имеют статус финансовой организации без получения лицензии.

Здесь вновь обнаруживается некоторая нелогичность, поскольку общества взаимного страхования в соответствии одноименным законом созданы в Казахстане в организационно-правовой форме потребительского кооператива, т.е. некоммерческой организации³. В Реестре по состоянию на 01.07.2018г. было зарегистрировано 15 обществ⁴. Представляется, что к организациям, представляющим публичный интерес, означенные некоммерческие организации причислены по той причине, что им дополнительно к основной деятельности разрешено занятие такими видами финансовой деятельности, как инвестиционная деятельность, выдача своим членам займов, в том числе займов на уплату страховых премий (ст.15 Закона).

Еще одна организация в числе финансовых, это управляющие инвестиционным портфелем, «портфельные управляющие». На интернет-ресурсе Национального Банка РК по состоянию на 2019 г. зарегистрировано 20 управляющих инвестиционным портфелем в организационно-правовой форме АО, среди них такие, как АО «ФридомФинанс», АО «BCC Invest», Соответствующая обязанность управляющей компании инвестиционного фонда закреплена в п/п 5 п. 1 ст. 42 Закона РК «Об инвестиционных и венчурных фондах»⁵.

Следующими юридическими лицами, деятельность которых имеет публичный интерес, названы организации-недропользователи, в основной своей массе это коммерческие юридические лица в организационно-правовой форме АО (АО «Усть-Каменогорский титано-магниевый комбинат», Национальные компании) или ТОО (например, ТОО «Сатпа-

евское горно-обогатительное предприятие», ТОО «Бузачи Нефть»), причем учредителями многих из них являются иностранные субъекты (п.4 ст.2 Кодекса РК «О недрах и недропользовании»)⁶.

С целью выяснения количества и видов таких организаций нами изучено содержание веб-сайта уполномоченного государственного органа – Комитета геологии и недропользования Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан. В том числе веб-сайт содержит позицию «Недропользователи Республики Казахстан», однако в ней мы нашли только следующую информацию: «Справочник содержит информацию о всех компаниях, работающих в минерально-сырьевом комплексе Республики Казахстан, на основании выданных лицензий на разведку и (или) добычу полезных ископаемых. В справочник включены сведения о руководителях компаний, форме собственности, учредителях, основных видах деятельности, объектах лицензирования, а также юридический адрес компании, телефон и факс»⁷. Далее указаны неактивные позиции «Регионы», «Компании с участием социально-предпринимательских корпораций», «Общераспространенные полезные ископаемые». А активные гиперссылки «Подземные воды», «Твердые полезные ископаемые» и «Углеводородное сырье» (размещено 26.06.2017, обновлено 27.07.2017) оказываются недоступными и, в свою очередь, отсылают к другим адресам, в которых искомая информация не обнаруживается. На веб-сайте Комитета по статистике такая информация отсутствует. И лишь на веб-сайте Депозитария финансовой отчетности указано, что зарегистрировано 570 недропользователей.

Между тем недра являются исключительной собственностью государства, многие участки недр имеют стратегическое значение, поэтому деятельность таких недропользователей, как нефтегазовые и горнодобывающие предприятия, должна быть доступна для населения. В этой связи 9 октября 2013 г. Правительство и Парламент РК заключили Меморандум о взаимопонимании с компаниями-недропользователями и неправительственными организациями о реализации Инициативы прозрачности добывающих отраслей

³ «О взаимном страховании. Закон Республики Казахстан от 5 июля 2006 г. № 163. // adilet.zan.kz/rus/docs/Z060000163

⁴ Реестр обществ взаимного страхования. https://data.egov.kz/datasets/view?index=ozara_saktandyru_kogamdarynyn_1

⁵ «Об инвестиционных и венчурных фондах». Закон Республики Казахстан от 7 июля 2004 года N 576. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000576>

⁶ «О недрах и недропользовании». Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 г. № 125-VI ЗРК. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000125>

⁷ Недропользователи Республики Казахстан <http://geology.miid.gov.kz/ru/pages/nedropolzovateli-respubliki-kazakhstan>

(далее - ИПДО, от англ. Extractive Industries Transparency Initiative – EITI). В соответствии с данным международным стандартом в форме ежегодного Национального отчета население может знать, как в стране осуществляется управление природными ресурсами и какой доход от их использования поступает в бюджет, т.е. должна обеспечиваться прозрачность и подотчетность в нефтяном, газовом и горнодобывающем секторах⁸.

Что касается таких организаций публичного интереса, как хлебоприемные предприятия (далее – ХПП), то в соответствии с п/п 6) п.1 ст.1 Закона РК от 19 января 2001 г. № 143 «О зерне» таковым признается юридическое лицо, имеющее на праве собственности зернохранилище (элеватор, хлебоприемный пункт), на котором осуществляется хранение зерна. Основным видом деятельности данного вида коммерческих организаций является оказание лицензируемых услуг по складской деятельности с выпуском зерновых расписок. В качестве примеров приведем названия некоторых ХПП, выпускающих зерновые расписки: АО «Алтын Дэн», ТОО «Жер-Ана», ТОО «Аксуатский элеватор», ТОО «Шыгыс-Найман» и др. Перечень ХПП, зерновые расписки которых могут использоваться для расчетов по сделкам с зерном, заключенным в Режиме торговли с расчетами T+0, размещен на веб-сайте товарной биржи ЕТС⁹.

Следующим видом юридических лиц, признанных законодателем организациями публичного интереса, являются организации, в уставных капиталах которых имеется доля участия государства. В соответствии со статьями 169 и 170 Закона РК «О государственном имуществе» такие юридические лица могут возникать в случаях приобретения государством в лице Республики Казахстан или административно-территориальной единицы акций АО и долей участия в уставном капитале ТОО, а также путем непосредственного создания государством акционерных обществ и товариществ с ограниченной ответственностью. От имени государства приобретать доли участия государства или создавать новые АО или ТОО могут также национальный управляющий холдинг, национальный холдинг, национальная компания или иное контролируемое государством или национальным управляющим холдингом, национальным холдингом, национальной компанией АО или ТОО (ст.172).

На веб-сайте АО «Информационно-учетный центр» (далее - Депозитарий финансовой

отчетности, ДФО) имеется статистическая информация о том, что в Казахстане общее количество организаций публичного интереса составляет 3675. Из них 1031 АО, 1334 ГП на ПХВ, 570 недропользователей, 547 организаций с государственным участием, 187 хлебоприемных предприятий; 324 финансовых организаций, в том числе 27 банков второго уровня, 1 Накопительный пенсионный фонд, 41 страховая организация, 2 депозитария, 41 брокеров и дилеров, 1 регистратор, 1 трансфер-агент, 1 управляющий пенсионными активами, 21 управляющих инвестиционным портфелем, 11 организаций по проведению отдельных видов банковских операций, 9 инкассаторов банкнот, монет и ценностей, 168 микрофинансовых организаций¹⁰.

Вместе с тем в обновленной на 2018 г. базе Депозитария не зарегистрировано ни одного общества взаимного страхования, хотя в Реестре их числилось 15 обществ.

Тем самым, организации публичного интереса представляют в большинстве своем коммерческие организации в организационно-правовой форме АО или ТОО, а также государственных предприятий на праве хозяйственного ведения и одного некоммерческого юридического лица в форме потребительского кооператива.

Сведения, подлежащие раскрытию организациями публичного интереса

Далее обратимся к рассмотрению вопроса о том, каков же перечень сведений, подлежащих раскрытию приведенными выше участниками имущественных отношений.

